

Міндетті зейнетақы жарналарын есептеудің, ұстап қалудың (қоса есептеудің) және жинақтаушы зейнетақы қорларына аударудың Қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 наурыздағы N 245 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1116 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.10.2013 № 1116 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Тақырыбындағы "зейнетақы жарналарын" деген сөздерден кейін "есептеудің," деген сөзбен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.12.22. N 1671, тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.06.11 N 561, 30.05.2013 № 551 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша «Ереже», «Ережесі», «Ережеге», «Ереженің», «Ережелердің», «Ережесіне» деген сөздер тиісінше «Қағидалар», «Қағидалары», «Қағидаларға», «Қағидалардың» деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-1-бабы 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Қоса беріліп отырған Міндетті зейнетақы жарналарын есептеудің, ұстап қалудың (қоса есептеудің) және жинақтаушы зейнетақы қорларына аударудың қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Төлеушілер 1998 жылғы 31 желтоқсанға дейін жинақтаушы зейнетақы қорларына есептеген, бірақ олар аудармаған міндетті зейнетақы жарналарының сомасы жоғарыда көрсетілген Қағидаларға сәйкес аударуға жатады.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1-қосымшаға сәйкес кейбір

шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

1999

жылғы

15

наурыздағы

N

245

қаулысымен

бекітілген

Міндетті зейнетақы жарналарын есептеудің, ұстап қалудың (қоса есептеудің) және жинақтаушы зейнетақы қорларына аударудың қағидалары

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жалпы Қағидалар

1. Осы Міндетті зейнетақы жарналарын есептеудің, ұстап қалудың (қоса есептеудің) және жинақтаушы зейнетақы қорларына аударудың қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленді және міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агенттердің (бұдан әрі – агенттер) міндетті зейнетақы жарналарын есептеуінің, ұстап қалуының (қоса есептеуінің) және аударуының тәртібі мен мерзімдерін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Заңды тұлғалар, дара кәсіпкерлер, адвокаттар мен жеке меншік нотариустар, сот орындаушылары агент ретінде өздерінің орналасқан (тұратын) жері бойынша салық органдарында есепке алынуы тиіс.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Жалдамалы қызметкерлердің еңбегін пайдаланатын агенттер қызметкерлерге төленетін кірістен ай сайын міндетті зейнетақы жарналарын

есептейді және ұстап қалады, және оларды жинақтаушы зейнетақы қорларына аударды.

Дара кәсіпкерлер, жеке нотариустар, жеке сот орындаушылары мен адвокаттар міндетті зейнетақы жарналарын салық кезеңінің әрбір айы үшін есептейді және оларды өзінің пайдасына жинақтаушы зейнетақы қорларына аударды.

Арнаулы салық режимін қолданатын шаруа немесе фермер қожалықтары міндетті зейнетақы жарналарын салық кезеңінің әрбір айы үшін есептейді және оларды шаруа немесе фермер қожалығы кәмелетке толған мүшесінің (қатысушысының) және басшысының пайдасына жинақтаушы зейнетақы қорларына аударады. Шаруа немесе фермер қожалығының кәмелетке толған мүшелерінің (қатысушыларының) пайдасына міндетті зейнетақы жарналары олар кәмелетке толған жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың басынан бастап есептелуге және төленуге тиіс.

Бюджет қаражаты есебінен ұсталатын, 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кеден органдарын қоспағанда, әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте он жылға жетпейтін қызмет стажы бар әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлері, сондай-ақ әскери немесе арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдар үшін міндетті зейнетақы жарналарын есептеу және аудару «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының судьялары үшін жинақтаушы зейнетақы қорларына судьяның ай сайынғы кірісінің он пайызы мөлшерінде міндетті зейнетақы жарналары республикалық бюджет қаражаты есебінен қосымша белгіленеді.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан еңбек қабілетінен айрылу және (немесе) жұмысынан айрылу, жүктілігіне, босануына, жаңа туған баланы (қызды) (балаларды) асырап алуына байланысты, сондай-ақ бір жасқа дейінгі бала күтіміне байланысты табысынан айрылу жағдайына берілетін әлеуметтік төлемдерден міндетті зейнетақы жарналарын ай сайын есептеуді және ұстап қалуды міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізіміне сәйкес Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық (бұдан әрі - Орталық) жүзеге асырады.

Агенттер Орталықтан қызметкерде міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың болуы туралы растама ала алады.

Агенттің қызметкерде міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен

қамсыздандыру туралы шарттың болуын растауға арналған өтінішінде: агенттің атауы мен деректемелері, қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі. Егер тегі, аты, әкесінің аты өзгерген болса бұрынғы тегі, аты, әкесінің аты да көрсетіледі. Өтінішке басшы, бас бухгалтер қол қоюға және ол мөрмен расталуға тиіс. Егер бас бухгалтердің лауазымы көзделмеген болса, өтініште тиісті белгі жасалады.

Орталық агенттен қызметкерде міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың болуын растауға арналған өтініш келіп түскен күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде агентке осы Қағидаларға 1-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметкерде бұл шарттың болуы туралы р а с т а у а н ы қ т а м а н ы б е р е д і .

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.12.22 N 1671 Қаулысымен, өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.06.11 N 561, 2005.06.30 N 659 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2006.03.15 N 170(қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) 2006.08.03 N 736, 2006.11.23 N 1116 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2007.03.11 N 178, 2007.07.23 N 620 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2007.12.28 N 1343 (2008.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.12.31 N 1350 (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.04.30 N 352 (2010.08.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.06.09 N 648, 2012.09.14 N 1196, 30.05.2013 № 551 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

3-1. Ұстап қалынған міндетті зейнетақы жарналарын Орталыққа: занды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер (шағын бизнес субъектілері мен шаруа немесе фермер қожалықтарына арналған арнаулы салық режимін қолданатындардан басқа), сондай-ақ жеке нотариустар, жеке сот орындаушылары мен адвокаттар қызметкерлерге төлейтін табысынан – кірістер төленген айдан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей;

дара кәсіпкерлер (шағын бизнес субъектілері мен шаруа немесе фермер қожалықтарына арналған арнаулы салық режимін патент немесе оңайлатылған декларация негізінде қолданатындардан басқа), сондай-ақ жеке нотариустар, жеке сот орындаушылары мен адвокаттар өз пайдасына – есепті айдан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей;

арнаулы салық режимін қолданатын шаруа немесе фермер қожалықтары - Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген тәртіппен және м е р з і м д е р д е ;

арнаулы салық режимін оңайлатылған декларация негізінде қолданатын шағын бизнес субъектілері - Қазақстан Республикасының салық заңнамасында к ө з д е л г е н м е р з і м д е ;

арнаулы салық режимін патент негізінде қолданатын жеке кәсіпкерлер - Қазақстан Республикасының салық заңнамасына патент құнын төлеу үшін көзделген мерзімде;

Орталық - әлеуметтік төлемдер жүзеге асырылатын айдан кейінгі айдың он бесі күнінен кешіктірмей аударады.

Ескерту. 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 22.12.2001 N 1671; 3-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2008.12.31. N 1350 (01.01.2009 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

4. Міндетті зейнетақы жарналарын аударуды қолма-қол ақшасыз жасалатын төлемдер арқылы агент жүргізеді.

Банктерде шоттары жоқ дара кәсіпкерлер, жеке нотариустар, жеке сот орындаушылары мен адвокаттар міндетті зейнетақы жарналарын, оларды кейіннен осы Қағидалардың 7-тармағында айқындалған тәртіппен тиісті жинақтаушы зейнетақы қорларына аудару үшін банкке қолма-қол ақшамен салады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Міндетті зейнетақы жарналарын ұстап қалудың мөлшері мен жинақтаушы зейнетақы қорларына аударудың тәртібі

Ескерту. 8, 9, 10-тармақтарға өзгерту енгізіледі - ҚР Үкіметінің 2007.04.30. N 352 (2010 жылғы 13 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту. Тараудың атауы өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.12.23. N 2010 қаулысымен.

5. Міндетті зейнетақы жарналарын ұстап қалу және жинақтаушы зейнетақы қорларына төлеу мынадай мөлшерлемелер бойынша жүзеге асырылады:

заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер, сондай-ақ жалдамалы қызметкерлердің еңбегін пайдаланатын жеке нотариустар, жеке сот орындаушылары мен адвокаттар – материалдық, әлеуметтік игіліктер немесе өзге де материалдық пайда түрінде жұмыс беруші берген кірісті қоса алғанда, жұмыс беруші қоса есептеген ақшалай немесе заттай нысандағы ай сайынғы кірістің он пайызы мөлшерінде. Міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін қабылданатын ай сайынғы кіріс тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген жалақының жетпіс бес еселенген ең төменгі мөлшерінен

аспауы

тиіс;

жеке кәсіпкерлер, сондай-ақ жеке меншік нотариустар мен адвокаттар өзінің пайдасына - мәлімдейтін кірісінің он пайызы мөлшерінде, бірақ жалақының ең төменгі мөлшерінің кемінде он пайызы және тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген жалақының жетпіс бес еселенген ең төменгі мөлшерінің он пайызынан аспайды;

арнаулы салық режимін біржолғы талон негізінде қолданатын жеке тұлғалар өзінің пайдасына - тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген жалақының ең төменгі мөлшерінің он пайызы мөлшерінде;

Орталық - бір жасқа дейінгі бала күтіміне байланысты еңбек ету қабілетінен айрылу және (немесе) жұмысынан айрылу жағдайына берілетін ай сайынғы әлеуметтік төлемдердің он пайызы мөлшерінде, сондай-ақ жүктілігіне, босануына, жаңа туған баланы (қызды) (балаларды) асырап алуына байланысты табысынан айрылу жағдайына берілетін әлеуметтік төлемдердің он пайызы мөлшерінде;

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелерінде жұмыс істейтін дипломатиялық қызмет персоналы бөлігінде - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі орталық аппаратының персоналына теңестірілген лауазымдар бойынша жалақының жүз пайыздық мөлшерінің он пайызы мөлшерінде.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.02.16. N 185, өзгерістер енгізілді - 2005.06.30. N 659 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз), 2006.03.15. N 170 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз), 2007.03.11 N 178, 2007.12.28. N 1343 (01.01.2008 бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.12.31. N 1350 (01.01.2009 бастап қолданысқа енгізіледі), 30.05.2013 № 551 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

5-1. Салық кодексінің 155-бабы 3-тармағының 1), 2), 3), 4), 7), 9), 10), 12), 17) тармақшаларында, 156-бабы 1-тармағының 10), 12), 18), 21), 24), 30), 32) тармақшаларында және 357-бабы 2-тармағының 4), 5) тармақшаларында белгіленген төлемдерден, сондай-ақ егер мүгедектігі мерзімсіз деп белгіленген болса, бірінші және екінші топтағы мүгедектерге еңбек қабілетінен айырылған жағдайда берілетін әлеуметтік төлемдерден жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары ұсталмайды.

Ескерту. 5-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2003.06.11. N 561 қаулысымен.

7. Міндетті зейнетақы жарналарын, оның ішінде берешекті аудару Орталыққа

жүргізіледі. Орталық міндетті зейнетақы жарналарын міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізіміне сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорына аударады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.03.15. N 170 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

7-1. Орталық міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасаған жеке тұлғалардың бірыңғай тізіміндегі деректемелердің Жеке тұлғалардың мемлекеттік дерекқорына сәйкестігін сақтайды.

Ескерту. 2-бөлім 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8. Салымшылардың міндетті зейнетақы жарналарының сомасы Орталықтың шотына келіп түскен күннен бастап үш банктік күн ішінде, МТ-100 форматындағы электронды төлем тапсырмаларымен жинақтаушы зейнетақы қорларына аударылады.

Орталық сонымен бір уақытта Орталық пен жинақтаушы зейнетақы қорлары арасындағы шартқа сәйкес айқындалған электронды тәсілмен жинақтаушы зейнетақы қорларына агенттерден келіп түскен, МТ-100 форматы төлемінің сомасына сәйкес келетін төлем тапсырмалары тобынан тұратын, олардың пайдасына міндетті зейнетақы жарналары аударылатын жеке тұлғалардың тізімін жібереді.

Салымшының міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарты және (немесе) МТ-102 форматындағы тізімде көрсетілген жеке сәйкестендіру нөмірі болмаған кезде және (немесе) салымшының деректемелерінде қателер жіберілген болса, Орталық салымшының міндетті зейнетақы жарналарының сомасын агенттің шотына қайтарады.

Орталық күн сайын жинақтаушы зейнетақы қорларына алдыңғы операциялық күні тиісті жинақтаушы зейнетақы қорына жүргізілген төлемдер (сомасы мен салымшылардың саны) туралы үзінді көшірмені ұсынады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.03.15 N 170 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен, өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.04.30 N 352 (2010.08.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

9. Заңды тұлға Орталыққа міндетті зейнетақы жарналарын аудару кезінде үш данада қағазға шығарылған төлем тапсырмасын және екі данада жеке тұлғалардың тізімін банкке ұсынады. Төлем тапсырмасының бірінші данасы мен тізімінің бірінші данасы банкте қалады, төлем тапсырмасының екінші және үшінші даналары мен тізімнің бір данасы банктің қабылдағаны туралы белгімен

а г е н т к е

қ а й т а р ы л а д ы .

Агенттің банкі міндетті зейнетақы жарналарын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдары арқылы аударған жағдайда агент банкке агенттің банкі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдары мен филиалдарының бөлімшелеріне ұсынатын төлем тапсырмасының қағазға шығарылған төртінші данасын және жеке тұлғалар тізімінің үшінші данасын
қ о с ы м ш а т а п с ы р а д ы .

Жеке тұлғалардың тізімі әрбір жеке тұлға бойынша: жеке сәйкестендіру нөмірін, тегін, атын, әкесінің атын, туған күнін, жарнаның сомасын және ол үшін міндетті зейнетақы жарналары аударылатын кезеңді (айды, жылды) қамтуы тиіс.

Агенттер міндетті зейнетақы жарналарын уақытында аудармаған жағдайда аудару жеке тұлғалардың тізімі қоса беріле отырып, форматы МТ-102 төлем тапсырмасын қалыптастыру арқылы әр ай үшін жеке жүргізіледі.

Агенттер міндетті зейнетақы жарналары аударылатын кезеңді қағазға жасалатын төлем тапсырмаларында "Төлемнің мақсаты" деген бағанда, ал форматы МТ-102 электронды төлем тапсырмаларында форматта көзделген "ММГГГГ" жеке жиегінде көрсетеді.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1999.12.23 N 2010, 2003.06.11 N 561, 2006.03.15 N 170 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2007.04.30 N 352 (2010.08.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 30.05.2013 № 551 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

10. Дара кәсіпкерлер, жеке нотариустар, жеке сот орындаушылары мен адвокаттар өз пайдасына өз қызметкерлерінің кірісінен ұсталған міндетті зейнетақы жарналарының сомаларын аударып отырып (банкке қолма-қол енгізе отырып), төлем құжаттарында Орталықтың деректемелерін, ал оларға қоса берілетін тізімдерде өзі және қызметкерлер туралы мәліметтерді (жеке сәйкестендіру нөмірлерін, тегін, атын, әкесінің атын, туған күнін, жарналардың сомалары мен міндетті зейнетақы жарналары төленіп отырған кезеңде (айын, жылын) көрсетуі тиіс. Егер тегі, аты немесе әкесінің аты өзгерген жағдайда, жаңасымен бір мезгілде бұрынғы тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Дара кәсіпкерлер, жеке нотариустар, жеке сот орындаушылары мен адвокаттар өзінің пайдасына міндетті зейнетақы жарналарын банкке аудару немесе төлеу кезінде төлем құжаттарын өзі туралы ғана мәліметтерді, оның ішінде банктегі банктік есеп шотының нөмірін, зейнетақы шартының нөмірі мен жасалған күнін көрсете отырып толтырады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

11. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2001.12.22. N 1671 қаулысымен.

12. Банктер мен банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар міндетті зейнетақы жарналарының сомаларын осы сомалар агенттердің банктік шоттарынан есептен шығарылған күні Орталыққа аударды. Банктердің Орталыққа ақша аударуы Қазақстан Республикасының төлем жүйелерінде қолданылатын форматтарға сәйкес жеке тұлғалардың тізімдерімен бірге электронды төлем тапсырмаларымен жүзеге асырылады.

Қызметкерлерінің саны елу адамнан астам заңды тұлға осы Қағидалардың 9-тармағындағы талаптарды орындаудан басқа, банкке жоғарыда көрсетілген форматта электрондық көздегі жеке тұлғалардың тізімімен бірге төлем тапсырмасын ұсынады.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.06.11. N 561, 2005.06.30. N 659 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2006.03.15. N 170 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.

3. Салымшылардың (алушылардың), агенттердің және жинақтаушы зейнетақы қорларының міндетті зейнетақы жарналарын және (немесе) өсімақыны аудару кезінде қателер байқалған жағдайдағы іс-әрекеттерінің тәртібі

Ескерту. 15, 16, 19, 19-2-тармақтарға өзгерту енгізіледі - ҚР Үкіметінің 2007.04.30. N 352 (2010 жылғы 13 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.03.15. N 170 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

13. Салымшы (алушы) төленген міндетті зейнетақы жарналарының және (немесе) өсімақының жекелеген сомаларының болмауын байқаса, зейнетақы төлемдерін немесе жеке зейнетақы шоттарындағы зейнетақы жинақтарының сомалары туралы деректер алған кезде, тиісті деректерді алу және жол берілген қателерді түзету шараларын қабылдау үшін қате байқағаны және жинақтаушы зейнетақы қорына немесе Орталыққа кез келген уақыттағы аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы төлем құжаттарының көшірмесін және төлем құжаттарына қоса берілген, өзінің жеке басына қатысты жеке тұлғалар тізімінің көшірмесін өзіне беруі жөнінде агентке жазбаша өтініш жібереді.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.03.15. N 170 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

14. Агент заңнамада белгіленген тәртіппен таратылған және тарату процесі аяқталған жағдайда, салымшы (алушы) агенттің орналасқан жері бойынша мұрағат мекемелеріне, ал тарату өндірісі барысында тарату комиссиясына өтініш

жасайды, олар оған құжаттардың расталған көшірмелерін береді. Салымшы (алушы) алған төлем құжаттарының көшірмелерін өтінішпен қоса Орталыққа жібереді.

Мұрағат мекемелерінде төлем құжаттары болмаған кезде салымшы (алушы) аударылған міндетті зейнетақы жарналары жөнінде тиісті мәліметтер алу үшін жазбаша өтінішпен және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесімен Орталыққа жүгінеді.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.03.15. N 170 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2006.11.23. N 1116 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2008.12.31. N 1350 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

15. Салымшының (алушының) деректемелерінде міндетті зейнетақы жарналарын және (немесе) өсімпұлды аудару кезінде жіберілген қателер анықталған жағдайда салымшы (алушы) Орталыққа қатені түзеу туралы өтініш береді. Өтінішке агент осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша салымшы (алушы) өтініш жасаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде беретін анықтама-растам немесе салымшының (алушының) жеке басын куәландыратын, деректемелерінде болған өзгерістерді растайтын құжаттың көшірмесі қоса беріледі.

Міндетті зейнетақы жарналарын төлеуді қолма-қол ақшамен жүзеге асыру кезінде анықтама-растаманың орнына банктік түбіртектердің көшірмелері қоса беріледі.

Орталық ұсынылған құжаттардың негізінде салымшының (алушының) міндетті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттағы және салымшының (алушының) жеке зейнетақы шотындағы деректемелеріне өзгерістер енгізу үшін осы Қағидаларға 1-3-қосымшаға сәйкес нысандағы салымшы (алушы) өтінішінің электрондық көшірмесін қоса отырып, жинақтаушы зейнетақы қорларына электронды өтінімді ресімдейді.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

15-1. Агент міндетті зейнетақы жарналарын және (немесе) өсімақыны есептеу, аудару кезінде жіберілген қателерді тапқан немесе салымшының (алушының) қателер байқалғаны туралы осы Қағидаларға 1-4-қосымшаға сәйкес нысандағы жазбаша өтінішін алған жағдайда агент қателерді міндетті зейнетақы жарналарының және (немесе) өсімақының бұдан кейінгі аударымдарын реттеу жолымен түзетеді.

Міндетті зейнетақы жарналарының кейінгі аударымдарын және (немесе) өсімақыны реттеу жолымен қателерді түзету мүмкін болмаған кезде агент қате

аударылған міндетті зейнетақы жарналарын және (немесе) өсімақыны қайтару туралы өтінішпен Орталыққа жүгінеді.

Ескерту. 15-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006.03.15. N 170 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) 2006 жылғы 3 тамыздағы N 736, өзгерту енгізілді - 2006.11.23. N 1116 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2007.07.23. N 620 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2008.12.31. N 1350 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 30.05.2013 № 551 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

16. Қате есептелген міндетті зейнетақы жарналарын және (немесе) өсімақыны қайтаруға берілген өтініште: агенттің атауы мен деректемелері, (Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) (жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН), банктік сәйкестендіру коды (БСК), жеке сәйкестендіру коды (ЖСК)), қайтару себебі, қате жіберілген төлем құжаттарының деректемелері (N, күні мен сомасы), сондай-ақ жеке зейнетақы шотынан қайтару мен қайтаруға жататын жеке сомалар жүргізілетін салымшының деректемелері көрсетіледі. Өтінішке басшы, бас бухгалтер қол қоюға және ол мөрмен расталуға тиіс. Егер бас бухгалтердің лауазымы көзделмеген болса, қайтаруға берілген өтінішке тиісті белгі қойылады.

Агенттің қате аударылған сомаларды қайтару туралы өтінішіне салымшының (алушының) жеке зейнетақы шотынан қате есептелген сомаларды есептен шығаруға келісімі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен куәландырылған осы Қағидаларға 1-5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініші қоса беріледі.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.03.15. N 170 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен, өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.04.30 N 352 (2010.08.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 30.05.2013 № 551 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

16-1. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 3 тамыздағы N 736 қаулысымен.

16-2. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

16-3. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

17. Банк кінәсінен қате нұсқау жіберілген жағдайда, банк Орталыққа қате аударылған сомаларды қайтару туралы өтінішпен хат жібереді.

Банк кінәсінен қате аударылған сомаларды қайтаруға арналған өтініште:

атауы, БСН, ЖСК, БСК, қате жіберілген төлем құжаттарының референстері және қайтару себебі көрсетіледі. Өтініш пен хат банктің уәкілетті адамдарының қолы қойылып, көрсетілген адамдардың қате нұсқауды қайтаруға хаттар мен өтініштерге қол қою өкілеттігін растайтын құжаттың көшірмесі қоса беріліп ұ с ы н ы л а д ы .

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

18. Орталықтың облыстық, республикалық маңызы бар қаланың және астананың филиалдары (бұдан әрі – Орталық филиалы) мен Орталық Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан еңбек қабілетінен айырылу және (немесе) жұмысынан айырылу, жүктілігіне, босануына, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуына байланысты, сондай-ақ бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылу жағдайына берілетін ай сайынғы әлеуметтік төлемдерден міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) өсімпұл сомаларын есептеу, ұстап қалу және аудару кезінде жіберілген қателерді анықтаған жағдайда, Орталық филиалы Орталыққа қате аударылған міндетті зейнетақы жарналарын және (немесе) өсімпұлды қайтаруға электрондық түрде ө т і н і м ж і б е р е д і .

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

19. Орталық қате аударылған сомаларды қайтаруға агенттерден, банктерден және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан, Орталық филиалдарынан алынған құжаттардың негізінде үш жұмыс күні ішінде қате есептелген міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) өсімпұл сомаларын қайтаруға арналған өтінімді электрондық түрде қалыптастырады. Өтінімде: салымшының (алушының) деректемелері: тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), туған күні, жынысы, ЖСН, жеке зейнетақы шотының нөмірі, қайтаруға жататын міндетті зейнетақы жарналарының және (немесе) өсімпұлдың сомалары және қайтару себебі көрсетіледі.

Электрондық түрдегі өтінім салымшының (алушының) оның жеке зейнетақы шотынан қате есептелген сомаларды есептен шығару туралы өтінішінің электронды көшірмесімен ақпаратты жеткізудің автоматтандырылған қаржы жүйесін пайдалана отырып, тиісті жинақтаушы зейнетақы қорына жіберіледі.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

19-1. **Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (**

алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

19-2. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

19-3. Қате есептелген міндетті зейнетақы жарналарының сомаларын қайтаруға арналған өтініш Орталыққа зейнетақы жинақтарын бір жинақтаушы зейнетақы қорынан екіншісіне аударуды жүзеге асыру кезеңінде келіп түскен, онда Орталық:

1) агенттің және (немесе) банктің және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың өтінішінде көрсетілген қате аударылған сомалардың түсу фактісін тексереді;

2) қате есептелген міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) өсімпұлдың расталған түсімдері бойынша қайтарулардың болмау фактісін тексереді;

3) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасаған жеке тұлғалардың бірыңғай тізіміне сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорына қате аударылған сомаларды қайтаруға электронды түрде өтінім жібереді.

Ескерту. 3-бөлім 19-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

19-4. Жинақтаушы зейнетақы қоры Орталықтан қате есептелген міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) өсімпұл сомаларын қайтаруға электронды түрдегі өтінімді алып, оны алған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Орталық өтінімінің нөмірі мен күнін көрсете отырып, Орталыққа қате енгізілген міндетті зейнетақы жарналарын және (немесе) өсімпұлды қайтаруды жүзеге асырады.

Қате есептелген зейнетақы жарналарын және (немесе) өсімпұлды зейнетақы жинақтарын бір жинақтаушы зейнетақы қорынан екіншісіне аударуды жүзеге асыру кезеңінде қайтару аударым сомасын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-бөлім 19-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

20. Жинақтаушы зейнетақы қорлары қате аударылған міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) өсімпұл сомаларын Орталықтың банктік шотына жеке тұлғалардың тізімін қоса бере отырып, төлем тапсырмасымен қайтаруды Орталықтың электронды түрдегі өтінімінде көрсетілген іс жүзінде енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының және (немесе) өсімпұлдың номиналды сомасы бойынша жүргізеді.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

20-1. Инфляция деңгейі ескеріле отырып нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының сомасы мен зейнетақы жинақтарының сомасы арасындағы айырманы өтеу сомасын есептеу кезінде ескерілген міндетті зейнетақы жарналарының сомасы қайтарылуға жатпайды.

Ескерту. 20-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2008.12.31. N 1350 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

21. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.03.15. N 170 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

22. Орталық қате есептелген міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) өсімақы әкеліп түскен күннен бастап үш банктік күн ішінде оларды агенттің өтінішінде көрсетілген деректемелерге сәйкес аударуды жүргізеді.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.03.15. N 170 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2008.12.31. N 1350 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

23. Банк қате аударылған міндетті зейнетақы жарналарының және (немесе) өсімақының сомалары Орталықтан келіп түскен күннен бастап үш банктік күн ішінде, міндетті зейнетақы жарналарының қайтарылғаны туралы агентті х а б а р д а р е т у г е т и і с .

Ескерту. 3-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.06.11. N 561, өзгерту енгізілді - 2006.03.15. N 170 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.

23-1. Орталық күн сайын жинақтаушы зейнетақы қорларымен міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасаған жеке тұлғалардың бірыңғай тізіміндегі салымшылардың деректемелерін жеке тұлғалардың мемлекеттік дерекқорының мәліметтерімен салыстырып т е к с е р у д і жү р г і з е д і .

Салымшылардың (алушылардың) деректемелерінде: тегінде, атында, әкесінің атында, ЖСН-де және жынысы бойынша айырмашылықтар анықталған кезде Орталық салымшының деректемелерін жеке тұлғалардың мемлекеттік дерекқорындағы деректерге сәйкес келтіреді.

Ескерту. 3-бөлім 23-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

23-2. Салымшының (алушының) деректемелерінің өзгергендігі туралы мәліметтерді беру Орталық пен жинақтаушы зейнетақы қорлары арасындағы шартқа сәйкес айқындалған электрондық тәсіл арқылы ақпаратты жеткізудің

автоматтандырылған қаржы жүйесін пайдаланумен жеке тұлғалардың салымшылардың (алушылардың) бірыңғай тізіміне өзгерістер енгізу күнінен кейінгі күннен кешіктірмей жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-бөлім 23-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

23-3. Жинақтаушы зейнетақы қоры Орталықтан салымшының (алушының) деректемелері өзгергені туралы ақпарат алған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей жинақтаушы зейнетақы қорының автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне өзгерістер енгізеді.

Ескерту. 3-бөлім 23-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Міндетті зейнетақы жарналарын жинақтаушы зейнетақы қорларына уақытылы аудармағаны үшін өсімақы төлеудің тәртібі

24. Кіріс іс жүзінде төленген және салымшы оны алған кезде агенттің уақытында ұстап қалмаған (қоса есептемеген) және аудармаған міндетті зейнетақы жарналарының сомаларын салық органдары өндіріп алады немесе агенттер кешіктірілген күн үшін (Орталыққа төлем жасау күнін қоса алғанда) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың ресми ставкасының 2,5 еселенген мөлшерінде есептелген өсімақымен міндетті зейнетақы жарналарын салымшылардың пайдасына аударуы тиіс.

Кірістерді төлейтін заңды және жеке тұлғалар міндетті зейнетақы жарналарын ұстап қалу және жинақтаушы зейнетақы қорларына аудару үшін жауапкершілікте болады.

Ескерту. 24-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.06.11. N 561 қаулысымен, 2005.06.30. N 659 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

25. Міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы ұстап қалмағаны, (есептемегені) және аудармағаны үшін өсімақы төлеуді агенттер, кейін Орталық салымшының (алушының) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарты қолданылатын жинақтаушы зейнетақы қорына аударуы үшін, Орталықтың төлем мақсатының коды "019" банктік шотына жүргізеді.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.03.15. N 170 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

26. Агенттер міндетті зейнетақы жарналарын жинақтаушы зейнетақы қорларына уақытында аудармағаны үшін өсімақы төлеуді міндетті зейнетақы жарналарын төлеуге арналған осы Қағидалардың 4-тармағында белгіленген тәртіппен жүргізеді. агент банкке "төлем тағайындамасы" бағанында - "кезеңге (айға/жылға) арналған міндетті зейнетақы жарналарын уақытында аудармағаны үшін өсімақы" деп және тағайындау кодын көрсете отырып, Орталықтың банктік шотына өсімақы сомасының аударылғандығы туралы қағазға шығарылған төлем тапсырмасын тапсырады.

Әрбір төлем тапсырмасы, оған қоса берілетін жеке тұлғалар тізімі даналарының саны, сондай-ақ оларды беру мен сақтаудың тәртібі мен мерзімдері осы Қағидалардың 2-тарауында міндетті зейнетақы жарналарын аудару үшін белгіленген шарттарға ұқсас.

Агенттер өсімақыны уақытында аудармаған жағдайда, аудару жеке тұлғалардың тізімін қоса, әрбір ай үшін жеке-жеке МТ-102 нысанында төлем парағын ресімдей отырып жүргізіледі.

Ескерту. 26-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1999.12.23. N 2010, 2006.03.15. N 170 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.

27. Қызметкерлерінің саны елу адамнан асатын агент өсімақы төлеу кезінде банкке осы Қағидалардың 9-тармағында сипатталған форматта қағаздағы және электрондық көздегі жеке тұлғалардың қоса беру арқылы төлем тапсырмасын ұсынады.

28. Төлем тапсырмасына қоса берілетін жеке тұлғалардың тізімі әрбір жеке тұлға бойынша "жарна сомасы" бағанын қоспағанда, міндетті зейнетақы жарналарын төлеу кезіндегі жеке тұлғалардың тізімі үшін осы Қағидалардың 9-тармағында көзделген деректемелерді қамтиды. Жарна сомасының орнына өсімақының тиісті сомасы көрсетіледі.

Жеке тұлғалардың тізімдерінде агент олар үшін зейнетақы жарналарын уақытында аудармаған салымшылар/алымшылар ғана көрсетіледі.

29. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 1999.12.23. N 2010 қаулысымен.

30. Банктер агенттер төлем тапсырмаларын көрсеткен кезде "төлем тағайындамасы" бағанында - "кезеңге (айға/жылға) арналған міндетті зейнетақы жарналарын уақытында аудармағаны үшін өсімақы" деп және "019" - төлем тағайындамасы кодын көрсете отырып, жеке тұлғалардың тізімін қоса беріп, форматы МТ - 102 электрондық төлем тапсырмаларымен Орталықтың банктік шотына өсімақы аударды.

Ескерту. 30-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.03.15. N 170 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

31. Орталық ақшаны жинақтаушы зейнетақы қорларына уақытында

аудармағаны үшін тиісті жинақтаушы зейнетақы қорларына кешіктірілген әр күн үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде (төлеу күнін қоса) өсімақы төлейді.

Орталық өсімақы төлеу үшін агенттің төлем тапсырмасы негізінде әрбір жеке тұлға бойынша, міндетті зейнетақы жарналарын төлеу кезінде жеке тұлғалардың тізімдері үшін осы Қағидалардың 9-тармағында көзделген, деректемелері бар, "жарна сомасы" бағанын қоспай, жеке тұлғалардың тізімін қоса отырып, форматы МТ-102 электронды төлем тапсырмасын қалыптастырады. Жарна сомасының орнына тізімге сәйкес әрбір жеке тұлға бойынша бөлінген өсімақы сомасы көрсетіледі.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.06.11. N 561 қаулысымен.

32. Жинақтаушы зейнетақы қорларының келіп түскен өсімақының сомаларынан комиссиялық сыйақы алуы міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың негізіне сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 32-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.03.15. N 170 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

33. Жинақтаушы зейнетақы қорлары алынған өсімақыны жеке тұлғалардың тізімдеріне сәйкес салымшылардың дербес зейнетақы шоттарына есептейді.

34. Жеке тұлғалардың тізімі қоса берілместен аударылған өсімақы агентке қайтаруға жатады, келесі аударым кезінде өсімақының сомасы кешіктірілген күндердің санына өседі.

5. Міндетті зейнетақы жарналарының аударылуына бақылау жасау

35. Міндетті зейнетақы жарналарының толық және уақытында аударылуына, сондай-ақ өсімақы мен айыппұлдардың төленуіне бақылау жасауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салық қызметі органдары жүзеге асырады.

Ескерту. 35-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.06.11. N 561 қаулысымен.

35-1. Міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешек құралған кезде, салық органдары агенттерге осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кейіннен Орталыққа аударуға жататын міндетті зейнетақы жарналарының сомасы туралы хабарламаны жібереді.

Агенттер хабарламаны алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде салық органына:

осы Қағидалардың 9-тармағында белгіленген тәртіппен пайдасына міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешек өндіріп алынатын жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының тізімдерін.

Агенттердің банктік шоттарынан міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешекті өндіріп алу пайдасына міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешек өндіріп алынатын жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының тізімдері қоса берілген салық органының инкассалық өкімінің негізінде жүргізіледі.

Ескерту. 35-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.06.30. N 659 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2006.03.15. N 170 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.

35-2. Пайдасына міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешек өндіріп алынатын агенттерден жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының тізімдерін алған кезде салық органы бенефициарды - Орталықты көрсете отырып, агенттің банктік шотына (шоттарына) инкассалық өкімдерді ұсынады.

Агенттің банктік шотына ұлттық валютамен ақша болмаған жағдайда міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешекті өндіріп алу салық органдары теңгемен ұсынған инкассалық өкімдер негізінде агенттің банктік шоттарынан шетелдік валютамен жүргізіледі.

Ескерту. 35-2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.06.30. N 659 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2006.03.15. N 170 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2007.03.11. N 178 қаулыларымен.

35-3. Пайдасына міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешек өндіріп алынатын агенттер жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының тізімдерін ұсынбаған кезде және міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешек болған кезде салық органдары агенттердің банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкім шығарады.

Салық органының агенттердің банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімі салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен бірлесіп бекіткен нысан бойынша ұсынылады және банк немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым алған күнінен бастап күшіне енеді.

Ескерту. 35-3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.06.30. N 659 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2008.12.31. N 1350 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

35-4. Агентте банктік шот болмаған немесе агенттің банктік шоттарындағы ақша жеткіліксіз болған жағдайда салық органы касса бойынша шығыс операцияларын тоқтатады.

Агенттің кассасы бойынша шығыс операцияларын тоқтату, кейіннен оларды салық берешегін, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешекті өтеу есебіне аудару үшін банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрін жүзеге асыратын ұйымға ақша тапсыру жөніндегі операциялардан басқа, кассадағы қолма-қол ақшаның барлық шығыс операцияларына қолданылады.

Ескерту. 35-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.06.30. N 659 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2007.03.11. N 178, 2008.12.31. N 1350 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

35-5. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

35-6. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

35-7. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

36. Агенттердің міндетті зейнетақы жарналарын аударуын, белгіленген жағдайларда өсімақы төленуін, жинақтаушы зейнетақы қорлары жүргізетін, міндетті зейнетақы жарналарының қате есептелген сомасының қайтарылуын бақылауды қамтамасыз ету үшін, Орталық күн сайын өткен күн үшін өздері орналасқан (тұратын) жері бойынша салық органдарында агенттердің тіркелуін ескере отырып облыстары, аудандары бойынша келіп түскен тізілімдерді, сондай-ақ қайтарылған, қате аударылған міндетті зейнетақы жарналарының тізілімін және электрондық төлем тапсырымдарын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне ұсынады.

Мыналар жеке ұсынылады:

жеке кәсіпкерлер, адвокаттар, жеке нотариустар банкке қолма-қол ақшамен енгізген, қате міндетті зейнетақы жарналарының келіп түскен тізілімдері мен қайтарылған тізілімдері:

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан еңбек қабілетінен айрылу және/немесе жұмысынан айрылу, жүктілігіне, босануына, жаңа туған баланы (қызды) (балаларды) асырап алуына байланысты, сондай-ақ бір жасқа дейінгі бала күтіміне байланысты табысынан айрылу жағдайына берілетін әлеуметтік төлемдерден ұсталған, аударылған міндетті зейнетақы жарналарының тізілімдері.

Өздері орналасқан (тұратын) жері бойынша салық органдарында агенттердің тіркелуін ескере отырып, облыстар, аудандар бойынша қате аударылған міндетті зейнетақы жарналарының келіп түскен тізілімдері мен қайтарылған тізілімдері бойынша ай сайынғы есепті Орталық Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне ай сайын есептіден кейінгі айдың 5-күні ұсынады.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда, өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 1999.12.23. N 2010, 2003.06.11. N 561, 2005.06.30. N 659 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2007.12.28. N 1343 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

6. Міндетті зейнетақы жарналарын ұстап қалу және аудару жөніндегі құжаттарды сақтаудың тәртібі

37. Заңды тұлғалар - агенттер ұсталған және аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы, оның ішінде қате төлемдерді қайтару туралы мәліметтерді электронды және қағаз таратқыштарда заңнамада белгіленген тәртіппен сақтауға м і н д е т т і .

Заңды тұлғаны - міндетті зейнетақы агентті таратқан кезде міндетті зейнетақы жарналарын ұстау және аудару туралы құжаттар Мемлекеттік м ұ р а ғ а т қ а б е р і л е д і .

Ескерту. 6-бөліммен және 37-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.12.22. N 1671, өзгерту енгізілді - 2003.06.11. N 561 қаулыларымен.

Міндетті зейнетақы жарналарын есептеудің, ұстап қалудың (қоса есептеудің) және жинақтаушы зейнетақы қорларына аударудың Қағидаларға

1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.06.30. N 659 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2006.11.23. N 1116 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2007.04.30 N 352 (2010.08.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

Растау анықтамасы

(төлеушінің атауы)

міндетті зейнетақы жарналарын аудару кезінде салымшы

деректемелерінің мынадай төлем тапсырмаларында қателер кеткенін растайды:

Төлем тапсырмасының N	Төлем тапсырмасының күні	Төлем тапсырмасының референсі	Салымшының жеке сомасы	Т.А.Ә және туған күні (салымшының дұрыс емес деректемелері)

Ж а р а м д ы д е п е с е п т е л с і н

ЖСН _____

Т. А. Ә _____

Туған күні _____

Бірінші басшы _____ (Т.А.Ә)
 (қ о л ы)

Бас бухгалтер _____ (Т.А.Ә)
 (қ о л ы)

Мөр орны

Қазақстан Республикасы
 Үкіметінің
 2006 жылғы 15 наурыздағы
 N 170 қаулысына
 қ о с ы м ш а
 Міндетті зейнетақы жарналарын
 есептеудің, ұстап қалудың (қоса
 есептеудің) және жинақтаушы
 зейнетақы қорларына аударудың
 Қағидаларға 1-1-қосымша

Ескерту. 1-1-қосымша алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 3 тамыздағы N 736 қаулысымен.

Міндетті зейнетақы жарналарын
 есептеудің, ұстап қалудың (қоса
 есептеудің) және жинақтаушы
 зейнетақы қорларына аударудың

Қағидаларға 1-2-қосымша

Ескерту. 1-2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006.11.23. N 1116 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен, өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.04.30 N 352 (2010.08.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қызметкерде (-лерде) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың болуы (болмауы) туралы растау анықтамасы

Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық қызметкерде (-лерде) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың болуы (болмауы) туралы хабарлайды.

N	Тегі	Аты	Әкесінің аты	Туған күні ЖЖЖЖААКК	Ж е к е сәйкестендіру нөмірі	Қызметкерде міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың болуы (болмауы) туралы ақпарат
1	2	3	4	5	6	7

М.О. _____ ЗТМО _____ аудандық _____ (қалалық)
бөлімшесінің _____ бастығы _____

(Т . А . Ә . , қ о л ы)

Берілген күні 200_ жылғы " __ " _____

Міндетті зейнетақы жарналарын
есептеудің, ұстап қалудың
(қоса есептеудің) және жинақтаушы
зейнетақы қорларына
аударудың қағидаларына
1-3-қосымша

Ескерту. 1-3-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2008.12.31. N 1350 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

Салымшының (алушының) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың деректемелеріне өзгерістер енгізу туралы өтініш

Мен, _____ (Т . А . Ә . , т у ғ а н к ү н і)

осы арқылы міндетті зейнетақы жарналарын аудару кезінде менің

деректемелерімде қателер жіберілгендігін хабарлаймын, атап айтқанда:

(қате жіберілген деректемелер көрсетіледі)

Мынадай деректемелерді жарамды деп есептеуді сұраймын:
ЖСН _____

Т.А.Ә. _____

Туған күні _____

----- (қолы)	----- (күні)
-----------------	-----------------

Міндетті есептеудің, ұстап қалудың
(қоса есептеудің) және жинақтаушы
зейнетақы қорларына
аударудың қағидаларына
1-4-қосымша

Ескерту. 1-4-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2008.12.31. N 1350 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

Агенттің қате аударылған міндетті зейнетақы жарналарының сомаларын қайтаруға арналған өтініші

«Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы» РМҚК
б а с д и р е к т о р ы

1. Міндетті зейнетақы жарналарын төлеушінің (агенттің) деректемелері атауы _____

БСН (01.01.2013 ж. кейін түскен төлемдер бойынша)

СТН (01.01.2013 ж дейін түскен төлемдер бойынша)

БСК _____ ЖСК _____

2. Қате жіберілген төлем тапсырмасының деректемелері № _____ күні «__» _____ 200__ жыл төлем тапсырмасының жалпы сомасы _____

3. Салымшының деректемелері _____

(Т.А.Ә., туған күні)

салымшының ЖСН (01.01.2013 ж. кейін түскен төлемдер бойынша)

ӘЖК (01.01.2013 ж. дейін түскен төлемдер бойынша)

салымшы жарнасының сомасы _____

қайтарылуға тиісті сома _____

4. _____

(қайтару талап етілетін себеп көрсетіледі, мысалы, қызметкер жұмыстан босатылды, механикалық қате, банктің қатесі және т.б.) байланысты кейінгі төлемдермен түзету мүмкін емес.

Қайтаруды мынадай деректемелер бойынша жүргізуді сұраймыз

(кәсіпорынның толық деректері, барлық банктік деректемелер көрсетіледі)

_____	_____
(басшының қолы)	(бас бухгалтердің қолы)
М.О.	_____
	(күні)

Міндетті зейнетақы жарналарын
есептеудің, ұстап қалудың
(қоса есептеудің) және жинақтаушы
зейнетақы қорларына
аударудың қағидаларына
1-5-қосымша

Ескерту. 1-5-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2008.12.31. N 1350 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

Салымшының (алушының) қате есептелген соманы өзінің жеке зейнетақы шотынан есептен шығаруға келісуі туралы өтініш

Мен, _____

(Т.А.Ә., туған күні)

ЖСН _____

—
Осы арқылы менің жеке зейнетақы шотыма қате аударылған _____

(сомасы жазбаша)

(Қате есептелген міндетті зейнетақы жарналары сомаларының бірнеше төлем тапсырмалары бойынша қайтару болған жағдайда, қайтарылуға тиіс сома әрбір төлем тапсырмасына жеке көрсетіледі) сомасындағы міндетті зейнетақы жарналарының қайтарылуына келісім беремін.

----- (қолы)	----- (күні)
-----------------	-----------------

Міндетті зейнетақы жарналарын есептеудің,
ұстап қалудың (қоса есептеудің) және
жинақтаушы зейнетақы қорларына
аударудың Қағидаларға

2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2008.12.31. N 1350 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен, өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.04.30 N 352 (2010.08.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

**Жинақтаушы зейнетақы қорларына аударылуға тиіс міндетті
зейнетақы жарналарының сомасы туралы
хабарлама**

20__ж."__"_____ N_____

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының 22-4-бабына сәйкес

(салық органының атауы)

Сізді _____
(Т.А.Ә., агенттің атауы, БСН-і (ЖСН-і), сәйкестендіру нөмірі

(ЖСН/БСН (ол болған жағдайда), мекен-жайы)

20__ж."__"_____ жағдай бойынша

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешектің барлығы	Негізгі төлем сомасы	Өсімақы сомасы

мөлшеріне жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешегіңіздің бар екендігі туралы хабардар етеді.

Осыған байланысты Сіз осы хабарламаны алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде _____

(салық органының атауы)

пайдасына міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешек өндіріп алынатын жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының тізімдерін табыс етуіңіз қ а ж е т .

Пайдасына міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешек өндіріп алынатын жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының тізімдері табыс етілмеген жағдайда _____

_____ (салық органының атауы)
агенттің банктік шоттарындағы барлық шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы _____ өкім _____ шығарады .

Банктік шоттар болмаған немесе банктік шоттарындағы ақша жеткіліксіз болған жағдайда _____

_____ (салық органының атауы)
касса бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрады.

Бұл ретте Сізге "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-4-бабында белгіленген тәртіппен және шарттарда өсімақы есептеледі.

Салық қызметі органдары мен олардың лауазымды тұлғаларының заңды талаптары орындалмаған жағдайда, Сізге Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес әкімшілік жаза шаралары қ о л д а н ы л а д ы .

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сіздің салық қызметі органдары лауазымды тұлғаларының әрекетіне (әрекетсіздігіне) салық қызметінің жоғары тұрған органына немесе сотқа шағымдануға құқығыңыз бар.

С а л ы қ о р г а н ы н ы ң
басшысы (Басшының орынбасары) _____
(Т.А.Ә., қолы, мөрі)

Хабарламаны алдым _____
(Т.А.Ә., агенттің атауы, қолы, мөрі, күні)

Х а б а р л а м а а г е н т к е
тапсырылды _____

(салық қызметі органының лауазымды тұлғасының Т.А.Ә., қолы, күні)

Хабарлама агентке жіберілді _____
(жіберу және алу фактісі туралы растаушы құжат)

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1999 ж. 15 наурыздағы N 245

қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің Тізбесі

1. "Міндетті зейнетақы жарналарын есептеудің, аударудың және Мемлекеттік зейнетақы төлеу жөніндегі орталықтан зейнетақы төлемдерін жүзеге асырудың тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 10 желтоқсандағы N 1733 қаулысы. (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1997 ж . , N 53 , 485 - қ ұ ж а т)

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 10 желтоқсандағы N 1733 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 қаңтардағы N 30 қаулысы.

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 10 желтоқсандағы N 1733 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 11 наурыздағы N 201 қаулысы.

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 10 желтоқсандағы N 1733 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 22 желтоқсандағы N 1313 қаулысының 1-тармағы.